

**"Қазақстан Эксимбанкі" ашық акционерлік қоғамының және "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы N 1267 қаулысы  
**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен**

**Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «Қордың», «Қор», «Қорға», «Қормен» деген сөздер «Компанияның», «Компания», «Компанияға», «Компаниямен» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Эксимбанкі" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Эксимбанк) Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 2 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимаратты (бұдан әрі - ғимарат) Эксимбанктің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдындағы міндеттемелерін өтеу есебіне заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық меншікке қабылдау туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Эксимбанкпен кредиттер, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша республикалық бюджет алдындағы Эксимбанктің берешегін салыстыру актісіне қол қойсын.

3. Эксимбанк (келісім бойынша) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы бюджеттік кредиттер, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша ақшалай міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етсін.

4 . < \* >

**Ескерту. 4-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.02.10. N 163а қаулысымен .**

5 . < \* >

**Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.02.10. N 163а қаулысымен .**

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Компанияның жарғысына оны "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес келтіру және Компания қызметінің негізгі түрі бұрын республикалық бюджет қаражаты есебінен берілген кредиттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған қаражат бойынша берешекті республикалық бюджетке өндіріп алу деп анықтау мақсатында өзгерістер енгізуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (келісім бойынша) Компанияға теңгемен және шетел валютасында банктік операциялардың мынадай түрлерін

жүргізуге лицензиялар беру туралы мәселені қарау ұсынылсын:

1) аудару операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақша аудару жөніндегі тапсырмаларын орындау;

2) қарыз алу операциялары: ақы төлеу, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанды кредиттер беру.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамаға сәйкес мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша кредит берушілермен келісім бойынша Эксимбанкпен және Компаниямен осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген қарыз алушылар тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздар, мемлекеттік қарыздар, оның ішінде осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бірлесіп қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылатын қарыздар бойынша Эксимбанктің құқықтары мен міндеттемелерін Компанияға беру жөнінде үш жақты келісімдер жасассын.

9. Эксимбанк (келісім бойынша) Компанияға бұрын оған қарыз алушылар өтеген " Жеңіл өнеркәсіп", "Темір жол", "Құрылыс индустриясы" секторлық бағдарламаларының шеңберінде Германия Федеративтік Республикасын (бұдан әрі - KfW) қалпына келтіру жөніндегі кредит ведомствосы берген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша негізгі борышты аударсын.

10. Компания (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Эксимбанктен алынған сома бөлігінде KfW алдындағы міндеттемелерді орындау жөніндегі кепілдікті берсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы, Әділет, Ауыл шаруашылығы, Көлік және коммуникациялар министрліктері, Эксимбанк (келісім бойынша) және Компания (келісім бойынша) осы қаулының 8-тармағын орындау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қажет болған кезде осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген қарыз алушылар тартқан қарыздар туралы келісімдер (шарттар) бойынша кредит берушілердің пайдасына Қазақстан Республикасының бұрын берілген мемлекеттік кепілдіктерінің қолданылуын растасын немесе ауыстыруды жүргізісін.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Эксимбанктің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламалары шеңберінде берілген кредиттер жөніндегі, экономиканы қайта құру қорының қаражаты есебінен берілген кредиттер жөніндегі кредит шарттары бойынша, Эксимбанк пен "Бронетанк жөндеу зауыты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасында жасалған 2000 жылғы 15 желтоқсандағы N 53-16/қд-в кредит шарты бойынша және түпкі қарыз алушылармен кепіл шарттары бойынша талап ету құқықтарын беру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) Компаниямен (келісім бойынша) олардың осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кредиттер бойынша қарыз алушылардың берешегін республикалық бюджетке өндіріп алуды жүзеге асыру жөнінде келісім жасассын;

3) Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Эксимбанк арасында жасалған 1996 жылғы 12 ақпандағы N 96-1 және 1997 жылғы 3 наурыздағы N 1 кредит шарттарын бұзу жөніндегі шараларды қабылдасын.

14. Эксимбанк (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне :

1) мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған қарыз алушылар жөніндегі;

2) осы қаулыға 3-қосымшада көрсетілген мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылар жөніндегі құжаттаманы берсін.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулының 3, 13-тармақтары орындалғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен жарғылық капиталдың 100 (жүз) пайызы мөлшерінде "Қазақстан Эксимбанкі" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын. < \* >

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.02.10. N 163а қаулысымен .**

16. Қоса беріліп отырған осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

17. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 сәуірдегі N 403 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

18. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.А. Досаевқа жүктелсін.

19. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1267 қаулысына

1-қосымша

**Эксимбанктің олар бойынша құқықтары мен міндеттемелері  
Компанияға берілетін мемлекет кепілдік берген қарыздар  
бойынша қарыз алушылардың тізбесі**

1. "Айт Отель" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы.
2. "Окан Казинтер" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы.
3. "Отель Астана" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы (АҚШ, Түркия кредит желілері).
4. "Эмсаш-Инвест" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
5. "Премьер-медеу" қонақ үй кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
6. "Игілік" акционерлік қоғамы.
7. "Жеңілөнеркәсіп" акционерлік компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы.
8. "Мақсат" акционерлік қоғамы.
9. "Байланыс-Құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы.
10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "Еңбек-Алмаз" және "Еңбек-Гранит" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары).
11. "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы.
12. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы.
13. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы.
14. "Рахат" қазақ-австрия бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы.
15. "Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
16. "Батыс" ашық акционерлік қоғамы.
17. "Өнім" акционерлік қоғамы.
18. "Қамқор-холдинг" мемлекеттік акционерлік холдингтік компаниясы.
19. "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
20. "Р.И.В." фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("РЕИЗ және К" фирмасының жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).
21. "ЭкоТИМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
22. "Корпорация Базис-А" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
23. "СФ Кереге" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
24. "Сусындар" ашық акционерлік қоғамы.
25. "Дудар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
26. "Өскемен құс фабрикасы" жабық акционерлік қоғамы.
27. "Ай-Дан-мұнай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Ай-Дан" жауапкершілігі

шектелген

серіктестігі).

28. "Жамбылбылғарыаяқкиім" акционерлік қоғамы.
29. "Аққу" акционерлік қоғамы.
30. "Надежда" акционерлік қоғамы.
31. "Катализ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
32. "Ырысты-Алматы электрвагонжөндеу зауыты" акционерлік қоғамы.
33. "Пеноконцентрат" бірлескен кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
34. "Промпластмасса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Аскам-Құрылыспластмасса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 желтоқсандағы

№ 1267 қаулысына

2-қосымша

**Эксимбанктің олар бойынша құқықтары мен міндеттемелері Компанияға берілетін жобалардың тізбесі**

1. Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру.
2. Ақтау қаласындағы теңіз сауда портын қайта жаңарту.
3. Темір жол көлігінің қуатын дамыту.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін жабдықтарды беру.
5. Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенін салу.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 желтоқсандағы

№ 1267 қаулысына

3-қосымша

**Эксимбанк олар бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беретін мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша қарыз алушылардың тізбесі**

1. "Конденсат" акционерлік қоғамы.
2. "Кен дала" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1267 қаулысына  
4-қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

м ы н а д а й :

"21-15

"Медетші қор" ЖАҚ"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"21-15

"Медетші қоры" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлімде:

м ы н а д а й :

"217-2

"Медетші қор" ЖАҚ"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"217-2

"Медетші қор" АҚ".

4. "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 8-жол алынып тасталсын.

5. "Отель Астана" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 923 қаулысында :  
мәтіндегі "Қазақстан Эксимбанкі" деген сөздер "Медетші қор" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесінің департаменті тартқан мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 969 қаулысында :

мәтіндегі "Қазақстан Эксимбанкі" деген сөздер "Медетші қор" деген сөздермен ауыстырылсын.